

2016 жылы халқтың децильдік топтары бойынша үй шаруашылықтарында тамақ өнімдерін тұтынуы



Үй шаруашылықтарын зерттеу қорытындылары кедей халықтың үлесі соңғы жылдары айтарлықтай азайғанын көрсетті.

Төмен табысты халықтың үлесі

пайызбен



Қысқаша әдіснамалық түсініктемелер

Үй шаруашылығы – бір немесе одан да көп жеке адамдардан құралған, бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын экономикалық субъект.

Халықтың атаулы ақшалай табыстары (бағалау) – халықтың ағымдағы тұтынуға, өндірістік қызметке және жинақтауға бағыттайтын ақшалай қаражаттары.

Нақты ақшалай табыстар индексі – бағаның базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі өзгерісін ескере отырып атаулы ақшалай табысының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Тұтыну шығыстары – бұл халықтың тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталатын ақшалай шығыстары. Үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстары уақыт кезеңдері бойынша едәуір ауытқуы мүмкін тұтыну бағаларының деңгейіне едәуір дәрежеде тәуелді. Пайдалану түрлері бойынша тұтыну шығыстарының құрамы тамақ өнімдерін, үйден тыс жерлерде тамақтану шығыстарын, алкогольді ішімдіктерді, темекі өнімдерін, азық-түлік емес тауарларды және ақылы қызметтерді сатып алуды қамтиды.

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) төмен халықтың үлесі – ең төменгі күнкөріс деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) төмен табыстары бар халық санының халықтың жалпы санына пайыздық өлшемдегі қатынасы.

Сізге толығырақ ақпарат керек пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz. Интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстан халқының тұрмыс деңгейі» жыл сайынғы статистикалық жинағы 2016 жылғы қазан айында жарияланып, «Ресми статистикалық ақпарат/Жинақтар, тоқсандық басылымдар, талдамалық материалдар мен электронды кестелер» бөлімінде орналастырылады.

Сондай-ақ, «Ресми статистикалық ақпарат/Халықтың тұрмыс деңгейі» бөлімінде «Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша үй шаруашылықтарының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары», «Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша халықтың табыстары мен шығыстары» және т.б. бюллетендері орналастырылған.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасына хабарласыңыз:

Наталья Евгеньевна Белоносова
Басқарма басшысы
Тел. +7 7172 749022
E-mail: nat.belonosova@economy.gov.kz

Гүлжан Күлғазықызы Дауренбекова
Бас сарапшы
Тел. +7 7172 749806
E-mail: g.daurenbekova@economy.gov.kz

Керейбаева Самал Байзаққызы
Бас сарапшы
Тел. +7 7172 749382
E-mail: s.kereibayeva@economy.gov.kz

Нағима Асқарқызы Жұманова
Сарапшы
Тел. +7 7172 749800,
E-mail: n.zhumanova@economy.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: kazstat.rk@gmail.com
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>
Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

www.stat.gov.kz

Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасы



Сіз білесіз бе...

- Қазақстанда соңғы 5 жылда кедейліктің деңгейі 1,5 есеге төмендеп, 2,6% құрады
- 2016 жылы Қазақстанда орташа алғанда халықтың жан басына шаққандағы табыстың ең жоғары мөлшері Атырау облысында (141 939 теңге) белгіленді

Үй шаруашылықтары не үшін зерттеледі?

Үй шаруашылықтарын іріктеме зерттеу – республикадағы халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу және осы ақпараттарды қоғамға ұсыну мақсатында жүргізіледі.

Алынған ақпараттың құпиялылығы сақталады ма?

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес, респонденттерден алынған ақпарат қатаң түрде құпиялы және тек статистикалық мақсаттарға пайдаланылады.

Бұл ақпарат не үшін қолданылады?


Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеу және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жасау үшін, тұрмыс жағдайы және деңгейі, халықтың жұмыспен қамтылуы және зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде мемлекеттік саясаттың тиімділігін зерттеу үшін және т.б. қолданылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша алынған жалпыланған ақпараттарды статистика органдары тоқсан сайын статистикалық бюллетендер, баспасөз-хабарламалары түрінде жариялап отырады. Жарияланымдар халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерден, табыстар мен шығыстардың мөлшері мен құрылымынан, табыстардың халықтың арасында бөлінуінің әркелкілігінен, тамақ өнімдерін тұтыну көлемі және тағы басқалардан тұрады.

Үй шаруашылықтарын зерттеу деректері төмендегіні көрсетеді:

2016 жылы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары алдын ала деректер бойынша 75025 теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге өсті. Бұл ретте ең жоғары табыстар Атырау облысында, Астана және Алматы қалаларында, ал төмен табыстар – Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында байқалды.


Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы табысының серпіні



* Алдын ала деректер.

Зерттеу қорытындысы ең жоғарғы ақшалай табысы бар халықтың 20%-на, барлық табыстардың 40%-ға жуығы келетінін, сонымен қатар ең төменгі табысы бар халықтың 20%-на барлық табыстардың 10%-на жуығы келетінін көрсетеді.

2016 жылғы 20 пайыздық (квинтильдік) топтар бойынша халық табысының үлесі



2016 жылы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай шығыстар бойынша 41847 теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 1,3 есеге өсті.

Халықтың ақшалай шығыстары



Орташа жан басына шаққандағы халықтың ақшалай шығыстары құрамында ең көп бөлігі 92,8% тұтыну шығыстарына келеді, кредит пен борышты өтеу – 3,6%, туыстары мен таныстарына материалдық көмек және алименттер – 3,4%, салықтар, төлемдер мен басқа да төлемақылар 0,2% құрайды.

Халықтың 2016 жылғы ақшалай шығыстарының құрылымы



Халықтың тұтыну шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарларына шығыстар 49,3%, азық-түлік емес тауарларына – 27,2% және ақылы қызметтерге – 23,5% алады.

Халықтың 2016 жылғы тұтыну шығыстары



2016 жылы тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындарын сатып алу үшін бір адам орташа 210093 теңге жұмсады; үйден тыс тамақтануға – 11172 теңге; алкогольді ішімдіктерге – 3175 теңге; темекі бұйымдарына – 5146 теңге; коммуналдық қызметтер, тұрғын үйді күтіп ұстау және жөндеу – 32749 теңге; дәрмектерге, емдеу жабдықтары мен аппараттарға – 6228 теңге; автокөлік құралдары және көлік құралдары үшін жанар-жағармай материалдарына – 18985 теңге.

Үй шаруашылықтарын зерттеу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасында топтардың ең көп тұтынылатын тамақ өнімдері сүт және сүт өнімдері, жұмыртқа болып табылған.

Халықтың 2016 жылы тамақ өнімдерін тұтынуы



2016 жылы өткен жылдардағыдай тамақ өнімдерін тұтыну бойынша айтарлықтай саралану ең шеткі децильдік топтар аралығында байқалған.

Осылайша ең аз қамтамасыз етілген халықтың 10% ең көп қамтамасыз етілген 10%-мен салыстырғанда көкөністер 3 есеге, ет және ет өнімдерін – 2,9 есеге, балық және теңіз өнімдерін 2,8 есеге аз тұтынды.